

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

МРНТИ 06.81.23

<https://doi.org/10.48081/QDWT7716>

***А. М. Акшанова¹, Г. Е. Отелова², Р. Ж. Аубакирова³,
Ю. А. Лысенко⁴, А. Ж. Шокпаров⁵**

^{1,2}Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Торайғыров университет,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Алтай мемлекеттік университеті,
Ресей Федерациясы, Барнаул қ.;

⁵Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*e-mail: asselya-2012@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-8570-1929>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7261-3231>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7984-2387>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1088-3578>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2697-3006>

ПРОБЛЕМАЛЫҚ-МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Мақалада жоғары білім жүйесінде тарих ғылымы саласында жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында, проблемалық-модульдік технологияны (ПМТ) енгізу мен бейімдеудің теориялық және әдіснамалық негіздемесі ұсынылған. Ғылыми әдебиет пен библиографиялық деректерді талдау негізінде тарихты зерделеуде ПМТ-ны қолданудың мүмкіндіктері сипатталған. Технология тарихи фактілерді талдау, себеп-салдар байланыстарын анықтау және өз пікірлерін қалыптастыру қабілеттерін дамыта отырып, сыни және аналитикалық ойлау деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол тарихи цикл пәндері аясында пәнаралық әлеуетке ие. Бұл тәсіл оқу материалын игерумен шектелмей, студенттердің кәсіби және зерттеу міндеттерін шешуге қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Проблемалық-модульдік оқыту білім беру процесіне қойылатын заманауи талаптарға сай педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануды, студенттерге түрлі тарихи дереккөздермен жұмыс жасауды,

топтарда тиімді ынтымақтасуды және практикалық міндеттерді шешуді меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл болашақ тарихшылардың кәсіби қызметі үшін маңызды шарттардың бірегейлері. Аталғандар, жоғары білім саласындағы педагогикалық практикаларды жетілдіру мақсатында ПМТ-ның тарихты оқытудағы рөлін зерттеуде өзектілігін анықтайды.

Мақала «Қазақстанның Солтүстік-Шығысында жергіліктендіру саясатын зерделеуде проблемалық-модульдік технологияны қолдану» тақырыбындағы докторлық диссертация аясында, шолу мазмұнында жазылған. Кейінгі педагогикалық зерттеулер барысынында жұмыс ауқымы тәжірибелік және қолданбалы тұрғыдан кеңейтілетін болады.

Кілтті сөздер: тарих мамандарын даярлау, проблемалық-модульдік технология, оқытудың инновациялық технологиялары, кәсіби құзыреттер, сыни тұрғыдан ойлау.

Кіріспе

Заманауи білім беру жүйесінің негізгі міндеті бәсекеге қабілетті, проблемалық мәселелерді шешуге бейімделген, сыни ойлау қабілеті дамыған тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда студенттердің белсенділігін арттыру арқылы, зерттеу жұмыстарына ынталандыру және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру маңызды. Аталғандарға жету үшін, жоғары мектеп теоретиктері мен практиктері, жекелеген пәндер әдіскерлері озық білім беру тұжырымдамасына сәйкес мамандарды даярлаудың нысандары мен тәсілдерін іздестіруде. Белсенді оқытудың түрлі әдістері студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетіне деген қызығушылығына ықпал етіп, ынталы ортаны қалыптастыруға, тәрбие, дамыту міндеттерінің тұтас кешенін шешуге мүмкіндік береді [1, 6-6.].

Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының ішінде кәсіптік даярлық бағыттарына қарамастан, тарих ғылымының орны ерекше, себебі ол азаматтың қалыптасу процесінде және жалпы мәдениетінің элементі ретінде тұлғаның сыни ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Тарихи сананы қалыптастыру және тарихи үрдісті түсіну маңыздылығын ескере отырып, үдемелі педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдану өзектілігі туындайды [2]. Білім беру стандарттарының соңғы нұсқаларында айқындалған міндеттеді шешу, жетілдірілген педагогикалық технологияларды енгізу арқылы қол жеткізуге болады. ПМТ осы мақсаттарға жетудің тиімді жолдарының бірі, ол студенттерді пәнге деген қызығушылығын арттыруға, таным процесіне белсенді тартуға, кәсіби дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Модуль ішінде шешімін, зерттеуді қажет ететін тарихи проблема, теориялық немесе практикалық сұрақ жатыр. Ол оқу материалын түйіндік құрылымдау, кері байланысты, оқытудың жеке қарқынын орнатуды қамтамасыз етеді. Технологияның педагогикалық негізі гуманистік философия, оның назарында өзгелермен әрекеттесуге, өзін-өзі дамытуға, реттеуге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жатыр [11].

Материалдар мен әдістер

Мақалада проблемалық-модульдік технологияны, гуманитарлық бағыттағы жоғары білімді мамандарды кәсіби даярлау барысында қолдану, және тиімділігін зерттеу мақсатында ғылыми, психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттердің теориялық негіздері талданған. Осыдан, технологияны білім беру үрдісіне енгізудің әдіснамалық базасы мен практикалық принциптерін зерделеу арқылы, оның студенттердің когнитивтік және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, сондай-ақ педагогикалық стратегиялар мен оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдірудегі әсері бағаланған.

Авторлар, кешенді кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға, тарихи құбылыстарды өз бетінше талдау қабілетін дамытуға, сондай-ақ тарих ғылымының талаптарына сәйкес келетін білім мен дағдыларды игерудің тиімділігін арттыруға әсерін ескере отырып, кәсіби тарихшыларды даярлау үрдісіне ПМТ-ны енгізу әсерінен қалыптасатын артықшылықтарды жүйелеген. Оқыту сапасын арттыру әлеуетін, сондай-ақ қазіргі заманғы білім беру парадигмасы мен кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес оқытудың стратегиялары мен тәсілдерінің трансформациясына әсерін ескере отырып, мақала авторлары өздерінің педагогикалық қызметінде технология компоненттерін қолданудың біршама тәжірибесі сипатталған.

Нәтижелер және талқылау

Кәсіптік білім беру ұйымдары оқытушыларының арсеналында білім беру, тәрбие және дамыту міндеттерін тиімді шешуге, жалпы және арнайы құзыреттерді қалыптастыруға, кәсіптік даярлау үшін қажетті теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құралдар айтарлықтай бар. Шығармашылық қабілеті мол оқытушылар қолданыстағы әдістер мен тәсілдермен шектелмей, жаңадан білім беру және тәрбие нысандарын әзірлеп, айналымда барын жетілдіреді.

Тарих оқытушылары болашақ мамандардың сыни және аналитикалық ойлауын дамытуды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды, өзіндік ғылыми жұмыс істеу қабілетін, тарихи дереккөздерді талдау дағдыларын қалыптастыру және түсіндіруді бейімдеу міндетіне тап. Келтірілген мәселелерді шешу үшін, педагогикалық әдістердің вариативті модельдеріне

және оқу процесін ұйымдастырудың жетілдірілген тәсілдеріне көшу маңызды [3, 135-б.]. Білім беру жүйесін ұйымдастырғанда, оқытушылардың шығармашылық потенциалы алдыңғы орынға шығып, оқу процесін қабылдаудың жүйелілігін, сабақтастығын және тұтастығын қамтамасыз ету үшін мазмұнды талдау және құрылымдау қажет.

Заманауи кәсіби формация аясында тарихшы мамандарды даярлау, «тығыздау», модульдеу және проблемалаудың интеграциясы негізде, оқыту технологиясын әзірлеп, қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Тәсіл, білім беру құзыреттілігінің құрылымындағы білімнің ұтқырлығын қамтамасыз етуге бағдарланған. Проблемалық аспект сыни және аналитикалық ойлауды дамытуға бағытталып, модульділікпен бірігу арқылы ақпаратты тиімді игеруді қамтамасыз етеді, студенттерді нақты, тәжірибеге бағытталған мәселелерді шешу арқылы оқу процесіне белсенді тартуға ықпалдасады. Аталмыш тәсіл оқу материалын жеке, логикалық тұрғыдан аяқталған бөлімдерге бөлу арқылы, білімді игеруді, құрылымдауды және жүйелеуді оңайландыртады.

Технологияның теориялық және практикалық негіздерін әзірлеудің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік тұжырымдамаларын талдау мен бағалаудың әдіснамалық негізін әдетте шетелдік және ресейлік ғалымдардың дидактикалық ұсыныстарынан табамыз [4, 10-б.]. Мақала авторлары ПМТ-ны зерттеген ғалым-педагогтар тәжірибесіне сүйене отырып, жоғары білім беру жүйесіне енгізудің бірқатар артықшылықтарын зерделеп, сипаттаған.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М. А. Чошанов [5] және ресейлік бірқатар ғалымдар жоғары мектепте және кәсіптік даярлық барысында проблемалық-модульдік оқыту мүмкіндіктері саласындағы мүдделерді шоғырландырды. Ғалым, П. А. Юцевичене тұжырымдаған принциптерге сүйене отырып, бірқатарын (модульдік және құрылымдау, динамизм және икемділік) біріктірген, аталғандарды сыни ойлау мен практикалық бағытты дамыту үшін қолданған. Функционалдық жүйелердің жалпы теориясы, оқу ақпаратын «тығыздау», мәселелік оқыту теориясы сияқты әдіснамалық негіздерге сүйене отырып, әмбебап педагогикалық принциптерді анықтаған. Мақала авторлары зерттеудің ғылыми парадигмасының негізін кұру барысында М. А. Чошановтың зерттеулеріне сүйенген.

Е. А. Соколов гуманитарлық бейіндегі мамандарды кәсіби даярлау тәжірибесін талдап, «фасеттік» ғылыми-кәсіби дүниетанымы бар, білімді игеру мен оқытудың түрлі тәсілдерін шығармашылық тұрғыдан құрылымдау заңдылықтарына негізделген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін технологияның әдіснамалық және әдістемелік негіздерін ұсынған [6, 334-б.].

Р. В. Мандель пікірінше, жоғары кәсіптік білім беру мазмұнында құрылымдық бірлік ретінде модуль орталық қызмет атқарады, себебі тақырыптық түйін және оның жиынтығын игеру барысында жаңа ақпаратты игерумен қатар, өңдеу кезінде кәсіби салада арнайы дағдылар қалыптасады деген ой тұжырымдайды [7, 47-б.].

Оқыту мүмкіндіктерін аша отырып, Д. А. Крылов, А. С. Чибиков және т. б. білікті жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіби дайындығының сапасын арттырудың артықшылықтарын атап көрсеткен, бұл бірқатар зерттеу нәтижелерімен расталады: сандық және сапалық көрсеткіштер, ағымдағы және қорытынды үлгерім, біліктілік жұмыстарын қорғау сапасы, танымдық белсенділіктің артуы, дәлелдеу дағдылары мен қасиеттерінің сапасы, жалпы және кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі [8].

Әдетте, кең ауқымды педагогикалық технологияларды әзірлеушілер мен зерттеушілер әмбебап әдістер мен тәсілдер құру барысында, пәндік принциптердің әдістемелеріне шектеулі назар аударады. Нәтижесінде пәндердің өзіндік ерекшелігі мен білім саласы аясында материалды оқыту мен қабылдауға қойылатын талаптар ескерілмейді. Оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері оның бірегейлігіне тікелей байланысты. Жоғары білім саласында тарих біліміне ПМТ-ны бейімдеу бойынша әзірлемелер мен ұсыныстар жоқтың қасы. Әр ғылым зерттелетін құбылыстардың ерекшеліктерін көрсететін өзіндік әдістерді дамытып, қолдануы шарт.

Отандық тарих ғылымы сыртқы факторлар (империя кезеңі, кеңестік тәртіп) ықпалында ұзақ болғандықтан, тарихнама мен тарихи көзқарас мәселесіне қайта қарау өзекті. Ол оқытушы-ғалымдар қауымдастығын тиісті әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағыттап, тарих мамандарын кәсіби даярлауды мағыналы реформалау, шығармашылық жобалау және енгізу қажеттілігін негіздейді [6]. Осы орайда, жоғары білім нысандары дәріс, тәжірибе, өзіндік жұмыс тапсырмаларын мәселелік тұрғыдан әзірлеп, ұсынудың мәні бар. Дәріс оқу ақпаратының бастауы бола тұра, өздік жұмысқа бағдар беруі тиіс. Тәжірибе сабақтарында теория пен практиканың байланысы арқылы, қоғамның саяси, әлеуметтік-психологиялық дамуының болжамын, оның тұрақтылығын кәсіби тілде негіздеуді үйретуге болады. Бұл білім алушылардың ретроспектива тұрғысынан сыни ойдың қалыптасуына қажетті әсерін тигізеді. Әдістің мықты жағы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, интеллектуалды белсенділігін арттыруға итермелейтін, білімді өздігінен «ізденуге» негізделген ұсыну жолы.

Технологияның негізі проблемалық принципті жүзеге асыру барысында, оқу іс-әрекетінің жинақталған тәжірибесі арқылы студенттер (оқытушының көмегімен) өзіндік қорытындылар жасайды, ұғымдарды, заңдылықтар


мен ережелерді қалыптастырады, алған нәтижелерді жаңа міндеттер мен мәселелерді шешу үшін пайдаланады. Осылайша студенттер өздігінен «білім жинақтайды», түрлі болжамдар жасап, оларды негіздеу және қолдану арқылы іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін игереді. Іс жүзінде жас мамандар бастапқы кәсіби қызметі жағдайларында деректер жеткіліксіз болатын мәселелерді шешуге мәжбүр, сондықтан студенттерді қажетті ақпарат пен шешімдерді іздеу жағдайына қою, мамандарды даярлаудың маңызды буыны [6, 15-6.].

Модуль процестің немесе құбылыстың дербес бірлігі бола тұра, жүйенің маңызды және ажырамас бөлігі. Ол басқа модульдермен және элементтермен әрекеттеседі, жүйе оның қатысуынсыз толыққанды жұмыс істей алмайды. Модульдер поливалентті, яғни екі немесе одан көп жүйе түйіні, және моновалентті бір текті деп ажыратылады. Осыдан, тарихи білімді хронологиялық – оқиғалар, саясат, типологиялық – абсолютті түсініктер, салыстырмалы – әмбебап құбылыстар т.б. тұрғыдан зерделеу барысында әлеуетін көреміз.

Бұл тәсіл аясында моновалентті модульдерді түрлі мәселелік аспектілерде тарих пәндері цикліне енгізіп қолдануға болады. Мысалы XX ғасыр басындағы «Индустрияландыру», «Жергіліктендіру» т.б. саясаттарына байланысты ПМ бірлігін әзірлеп, түрлі қырлардан «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы», «XX ғасырдағы этносаяси үрдістер», «XX ғасыр басындағы тарихи тұлғалар», «Кеңес дәуірі кезіндегі ұлттық мәдениет» т.б. пәндеріне енгізе аламыз. Бұл білімнің түрлі салалары арасындағы өзара әрекеттесуді талдауға ынталандыру арқылы оқиғаларды тереңірек және жан-жақты сипаттауға, процестердің күрделілігін түсінуге мүмкіндік береді. Ақпаратты қажет жағдайда дифференциациялау немесе интеграциялау мүмкіндіктерін ашады.

Әрбірі проблемалық сұрақтарды, зерттеу тапсырмаларын және практикалық жағдайларды қамтып, қорытынды бақылаумен аяқталатын курстың (тақырып, бөлімнің) аяқталған бөлігі [9, 154-6.]. Зерделеу барысында студенттер тарихи дилеммаларды шешу, тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін бағалау немесе өткен оқиғаларға түрлі көзқарастарды қарастыру арқылы зерттеу, талдау және қорытынды жұмыс жасайды. Мақала авторлары өздерінің қызметінде, студенттерден қорытынды бақылауды қабылдау формасы ретінде ПМТ элементі, сұрақты мәселелік тұрғыдан ұсыну әдісін қолдануда. Тапсырманы шешу барысында студенттер өз білімдерін бастапқы тар бағыттан, кейінгі, тарихи мерзімді сипаттауға, оқиғалардың себептері мен салдарын талдауға, ақпаратты синтездеуге, сыни ойлау дағдыларын қосу арқылы кең ауқымға шығады. Мысалы «И. Худенконың эксперименті қандай себеппен жабылды?» сұрағында, «Худенко өз совхозын толық шаруашылық

есепке ауыстырды, бұл еңбеккерлерді тікелей материалдық ынталандырумен қамтамасыз етілді. Ол өз кезегінде саяси-экономикалық режимге қарсы келетін көрініс деп бағаланды...» деген ойдағы жауап орынды. Жауап алғашқыдағы экспериментті сипаттаумен басталып, кейінгі тарихи мерзімді баяндау, саяси режимге баға беру, экономикалық шектеуліктерді түсіну, ғылыми-қоғамдық жағдайды талдау деңгейіне шығарады. Стратегия, білім алушылардың фактілерді айтып шығумен шектелмей, тарихи жағдайды, оқиғаларды, құбылыстарды сыни, себеп-салдарлық негізде сипаттауды көздейді. Бақылау нәтижесін талқылау барысында, білім алушылардың тарихи оқиғаларды интерпретациялау арқылы, заманауи оқиғаларға өзіндік көзқарас қалыптасқандығы байқалды. Рефлексия негізінде студенттер алған білімдерін, жеке әсерін бағалай алады.



1-сурет – Е. А. Соколов ұсынған әмбебап алгоритм бойынша
Тарих пәнінен моновалентті проблемалық-модульді жобалау

Бұдан басқа, ПМТ өзіндік жұмыс және топтағы ынтымақтастық дағдыларын жақсартады. Жұмыс барысында оқытудың түрлі құралдары мен техникаларын қолдану мүмкіндіктері зор. Е. А. Соколов [6] сипаттаған әдістермен қатар кеңейтілген дәріс әдісі, ПОПС-формула, кубизм техникасы, концептуалды және семантикалық карталар және т.б. тәсілдер оңтайлы енгізіп, ақпаратты игеруді жетілдіруде жағымды әсерін тигізеді. Сонымен қатар, визуалды және интерактивті құралдарды, анимациялық видео контентті (Narakeet, VideoScribe), жасанды интеллекті қолдану арқылы модульді жасақтауға болады. Ол өз кезегінде оқыту нәтижелерін Блум таксономиясына негіздеп, нақты құрылымдауға көмектеседі, білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытады.

Тарих мамандарын
кәсіби
даярлаудағы PMT
артықшылықтары

- Танымдық белсенділік
- Сыни ойлауды дамыту
- Оқытуға проблемалық көзқарас
- Тарихи дереккөздерді терең игеру
- Топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру
- Өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту
- Пәнаралық әлеует (тарихи білім аясында)
- Теория мен практиканың интеграциясы

2-сурет

Қорытынды

Осыдан, теориялық және әдіснамалық талдау барысында біз жоғары мектеп жүйесіне проблемалық-модульдік технологияны енгізудің негізділігін анық көреміз. Ұсынылған тәсіл білім алушылардың өздігінен немесе оқытушының жетекшілігімен дайын үлгі бойынша есептерді шешуден гөрі, өзіндік шешім мен түйін шығаруға бейімдейтін әдістер мен тәсілдердің арнайы құрылған озық жүйесі. Модульдік және проблемалық оқытуды біріктіру болашақ мамандарға кәсіби дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Технократиялық педагогикаға негізделген технология, гуманитарлық ғылымдар аясында қойылған шектеуліктерден тыс. Тарихи пәндер цикліндегі жоғары мектептің міндеті білімділік компоненттен басқа, сыни ойлау, дереккөздерді талдау, түсіндіру, пікірталастар жүргізу және көзқарастарын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ фактілерді қайта қарау болып табылады. Тарихты кәсіби тұрғыдан зерделеу танымдық, зияткерлік, интеллектуалды дамыту функцияларын жүзеге асырады [10]. Аталмыш міндеттерді тұлғаның әлеуметтік дамуының гуманистік және демократиялық идеалдарына жауап беретін PMT және оның элементтерін қолдану арқылы жүзеге асыруға ыңтайлы.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Журавлева, О. Н. Модульная технология обучения истории. На материалах 10 класса : дисс. на соиск. степ. канд. пед. наук по 13.00.02. – теория и методика обучения истории и обществоведению [Текст]. – С-Пб, 1999. – 200 с.

2 Суслов, А. Ю., Салимгареев, М. В., Хамматов, Ш. С. Инновационные методы преподавания истории в современном вузе // Образование и наука. 2017. – №3 19(9) – С. 70–85.

3 **Лебедева, О. Е.** Петербургская школа : образовательные программы [Текст] – С-Пб, Специальная литература, 1999. – 135 с.

4 **Павлов, А. К.** Научно-педагогическая методология и методика образовательной технология проблемно-модульного обучения с позиций концепции компетентностно-ориентированной дидактики : Практико-ориентированное учебное пособие [Текст]. – Мурманск : МИНИОДСПК «ПЕДКАМПУС», 2021. – 160 с.

5 **Чошанов, М. А.** Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. [Текст] – М : Народное образование, 1996. – 160 с.

6 **Соколов, Е. А.** Технологии проблемно-модульного обучения : теория и практика : монография. – М. : Логос, 2020. – 384 с.

7 **Мандель, Р. Б.** Технологии проблемно-модульного обучения : аспекты развития новых методов [Текст] // Ректор Вуза. – М., 2013. – №4 – С. 40–47.

8 **Крылов, Д. А., Чибиков, А. С.** Измерение и оценка развития аргументативных умений и качеств будущих квалифицированных рабочих и специалистов в процессе профессиональной подготовки // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 1. – С. 43–49.

9 **Асророва, М. У.** Модульные технологии обучения в вузе / Актуальные задачи педагогики : материалы VII Междунар. науч. конф. – Чита : Издательство Молодой ученый, 2016. – С. 154–156.

10 **Гайдин, С. Т. Шевченко, Н. П.** Отечественная история электронный учебно-методический комплекс [Текст]. – Красноярск, 2008. – 869 с.

11 **Исакиева, З. С.** Применение модульной технологии в преподавании истории / Наука и инновации в XXI веке: Актуальные вопросы, открытия и достижения : материалы VII Международной научно-практической конференции. – Пенза : МЦНС «Наука и Просвещение». – 2017. – С. 300–303.

References

1 **Zhuravleva, O. N.** Modul'naya tekhnologiya obucheniya istorii. Na materialah 10 klassa [Modular technology for teaching history. Based on materials from the 10th grade] : diss. na soisk. step. kand. ped. nauk po 13.00.02. – teoriya i metodika obucheniya istorii i obshchestvovedeniyu [Text]. – St. Petersburg, 1999. – 200 p.

2 **Suslov, A. Yu., Salimgareev, M. V., Hammatov, Sh. S.** Innovacionnye metody prepodavaniya istorii v sovremennom vuze // Obrazovanie i nauka. – 2017. – №3 19(9) – P. 70–85.

3 **Lebedeva, O. E.** *Peterburgskaya shkola: obrazovatel'nye programmy* [St. Petersburg School : educational programs] [Text]. – St. Petersburg : Special'naya literatura, 1999. – 135 p.

4 **Pavlov, A. K.** *Nauchno-pedagogicheskaya metodologiya i metodika obrazovatel'noj tekhnologiiya problemno-modul'nogo obucheniya s pozicij koncepcii kompetentnostno-orientirovannoj didaktiki* [Scientific and pedagogical methodology and methods of educational technology of problem-based modular learning from the perspective of the concept of competence-oriented didactics] // *In Praktiko-orientirovannoe uchebnoe posobie* [Text]. – Murmansk : MINIODSPK «PEDKAMPUS», 2021. – 160 p.

5 **Choshanov, M. A.** *Gibkaya tekhnologiya problemno-modul'nogo obucheniya* [Flexible technology of problem-based modular learning] : *Metodicheskoe posobie* [Text]. – Moscow : Narodnoe obrazovanie, 1996. – 160 p.

6 **Sokolov, E. A.** *Tekhnologii problemno-modul'nogo obucheniya : teoriya i praktika* [Problem-based modular learning technologies : theory and practice] : monografiya. – Moscow : Izd-vo Logos, 2020. – 384 p.

7 **Mandel', R. B.** *Tekhnologii problemno-modul'nogo obucheniya: aspekty razvitiya novyh metodov* [Problem-based modular learning technologies: aspects of the development of new methods] [Text] // *Rektor Vuza*. – Moscow, 2013. – №4 – P. 40–47.

8 **Krylov, D. A. Chibakov, A. S.** *Izmerenie i ocenka razvitiya argumentativnyh umenij i kachestv budushchih kvalificirovannyh rabochih i specialistov v processe professional'noj podgotovki* [Measuring and evaluating the development of argumentative skills and qualities of future skilled workers and specialists in the process of professional training] // *In Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*. – Moscow, 2016. – №1. – P. 43–49.

9 **Asorova, M. U.** *Modul'nye tekhnologii obucheniya v vuze / Aktual'nye zadachi pedagogiki* [Modular learning technologies at the university] : *materialy VII Mezhdunar. nauch. konf.* – Chita : Molodoj uchenyj, 2016. – P. 154–156.

10 **Gajdin, S. T., Shevchenko, N. P.** *Otechestvennaya istoriya elektronnyj uchebno-metodicheskij kompleks* [Russian history electronic educational and methodical complex] [Text]. – Krasnoyarsk, 2008. – P. 869.

11 **Isakieva, Z. S.** *Primenenie modulnoi tekhnologii v prepodavanii istorii* [Application of modular technology in teaching history] // *Nauka i innovatsii XXI veke : Aktualnye voprosy, otkrytiia i dostizheniia* : *materialy VII Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii* [Science and innovation in the 21st century: Current issues, discoveries and achievements: materials of the VII International scientific and practical conference]. – Penza : MTsNS «Nauka i Prosveshchenie». – 2017. – P. 300–303.

27.02.25 ж. баспаға түсті.

28.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

12.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. М. Ақшанова¹, Г. Е. Отепова², Р. Ж. Аубакирова³

Ю. А. Лысенко⁴, А. Ж. Шокпаров⁵

^{1,2}Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴Алтайский государственный университет, Российская федерация, г. Барнаул;

⁵Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, г. Туркестан.

Поступило в редакцию 27.02.25.

Поступило с исправлениями 28.02.25.

Принято в печать 12.05.25.

РОЛЬ ПРОБЛЕМНО-МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ

В статье представлено теоретическое и методологическое обоснование внедрения и адаптации инновационной педагогической технологии проблемно-модульного обучения (ПМТ) в системе высшего образования, с целью подготовки высококвалифицированных специалистов в области исторической науки. На основе анализа научной литературы и библиографических данных описаны возможности применения ПМТ в изучении истории. Технология позволяет значительно повысить уровень критического и аналитического мышления, развивая умение анализировать исторические факты, выявлять причинно-следственные связи и формировать собственное мнение. Кроме того, она обладает междисциплинарным потенциалом в рамках дисциплин исторического цикла. Такой подход способствует формированию у студентов компетенций, необходимых для решения профессиональных и исследовательских задач, не ограничиваясь усвоением фактологического материала.

Проблемно-модульное обучение отвечает современным требованиям к образовательному процессу, предоставляя студентам возможность работать с различными историческими источниками,

эффективно сотрудничать в группах и решать практические задачи, что является обязательным условием профессиональной деятельности будущих историков. Это определяют актуальность изучения роли ПМТ в преподавании истории с целью совершенствования педагогических практик в области высшего образования.

Статья обзорного содержания, написана в рамках докторской диссертации на тему «Применение проблемно-модульной технологии в изучении коренизации в Северо-Восточном Казахстане». В ходе последующих педагогических исследований, работа будет расширена в практическом и прикладном аспектах.

Ключевые слова: подготовка специалистов истории, историческое сознание, проблемно-модульная технология, профессиональные компетенции, критическое мышление.

**A. M. Akshanova¹, G. E. Otepova², R. Zh. Aubakirova³*

Y. A. Lysenko⁴, A. Zh. Shokparov⁵

^{1,2}Margulan University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴Altai State University,

Russian Federation, Barnaul;

⁵International University of Tourism and Hospitality,

Republic of Kazakhstan, Turkestan.

Received 27.02.25.

Received in revised form 28.02.25.

Accepted for publication 12.05.25.

THE ROLE OF PROBLEM-MODULAR TECHNOLOGY IN TEACHING HISTORY

In this article, a theoretical and methodological justification is presented for introducing and adapting problem-modular technology (PMT) in higher education with the goal of training highly qualified specialists in the field of history. Drawing on an analysis of scholarly literature and bibliographic data, the paper outlines the potential of PMT for historical study. This technology markedly enhances critical and analytical thinking by cultivating students' abilities to analyse historical facts, discern cause-and-effect relationships, and formulate independent

viewpoints. It also demonstrates interdisciplinary potential within the suite of history courses. Rather than limiting itself to the assimilation of course content, the approach fosters the competencies needed to tackle professional and research tasks.

Problem-modular instruction aligns with contemporary educational demands by employing modern pedagogical methods and techniques, enabling students to work with diverse historical sources, collaborate effectively in groups, and solve practical problems – conditions that are essential to the professional practice of future historians. These factors underscore the relevance of investigating PMT's role in teaching history as a means of improving pedagogical practice in higher education.

The article is written as a review within the framework of the doctoral dissertation titled “Application of Problem-Modular Technology in the Study of Localisation Policy in Northeastern Kazakhstan”. Subsequent pedagogical research will expand the scope of this work from both practical and applied perspectives.

Key words: Training of history specialists, historical consciousness, problem-modular technology, professional competencies, critical thinking.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz